

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысы
білім беруді дамытудың
оқу- әдістемелік
орталығының» КМҚК
директоры


Б.Х. Абдикерова
«31» 08 2022 жыл

«Дене шынықтыру» пәні бойынша облыстық бейне-сабақтар байқауы туралы ЕРЕЖЕ

1. Байқаудың жалпы ережелері

Осы ереже «Дене шынықтыру» пәні бойынша облыстық бейне-сабақтар байқауын (конкурс) өткізу және қатысу тәртібін, шарттарын және қаржыландыру тәртібін реттейді.

Байқау Қарағанды облысы білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.

2.1. Байқаудың мақсаты: заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін қолдану арқылы қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейту және «Дене шынықтыру» пәні бойынша үздік бейне-сабақтарды іріктеу.

2.2. Байқау міндеттері:

- қашықтықтан оқыту жағдайында әдістемелік қолдауды ұйымдастыру;
- Қарағанды облысының виртуалды білім беру кеңістігінде үздік бейне-сабақтар қорын жинақтау.

3. Байқау жұмыстары жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жүргізілу қажет.

4.1. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.

4.1.1. Мазмұны бойынша:

- ҚР МЖМБС оқу бағдарламаларына, оқулықтарға сәйкестігі;
- мазмұнының облыстық байқау бағыттарына сәйкестігі;

4.1.2. Бейнематериалдардың техникалық сипаттамалары:

- ең төменгі өлшемі (720x480) қатынасы (16:9);
- пішімі *.mp4.;
- бейнематериалдың хронометражы 45 минутқа дейін.

4.1.3. Үшінші тарап аудио және бейне контент өндірушілерінің авторлық құқықтарын сақтау.

5. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- сабақ тақырыбының ашылуы;
- сабақты өткізу сапасы;

- сабақта құндылыққа бағытталған тәсіл;
- байқау материалының мазмұны (жұмыс көлемі, қосымшалардың болуы);
- безендіру және түсіру сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- шығармашылық даралықтың көрінісі;
- болашақта материалды кеңінен қолдану мүмкіндігі;
- Дене шынықтыру пәні бойынша электронды карта мүмкіндіктерін қолдануы.

6. Байқауға қатысу тәртібі.

6.1. Байқауға ведомстволық бағыныстылығына, типіне және меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының дене шынықтыру пәні мұғалімдері қатыса алады.

6.2. Байқауға дене шынықтыру пәні мұғалімдері жеке қатысуға құқылы.

6.3. Бейне-сабақтар YouTube каналына жүктеліп, сілтемесін өтініште көрсетіп, umc-ro@umckrg.gov.kz электронды мекенжайына жіберіледі.

6.4. Байқауға ұсынылатын бейнематериалдардың саны біреуден аспауы керек. Өтінім үлгі бойынша толтырылуы қажет (1-қосымша).

7. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

Байқау қашықтықтан өткізіледі.

7.1. **Байқаудың бірінші аймақтық кезеңі:** 2022 жылдың 21 қыркүйегінен - 28 қазанына дейін қалалық/аудандық деңгейде өткізіледі.

7.2. **Байқаудың екінші облыстық кезеңі:** Үздік жұмыстарды іріктеу 07 қарашадан - 11 қарашаға дейін Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығында өткізіледі.

7.3. **Байқаудың қорытындысы** «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК сайтында орналастырылады.

7.4. Жеңімпаздар 2022 жылдың 14 қарашада марапатталады.

КЕЛІСІЛДІ:

Қарағанды облысында ББД ОӘО МД және ЖББ
бөлімінің меңгерушісі

Мукашева Г.Г.

**Дене шынықтыру пәні бойынша облыстық
бейне-сабақтар байқауына
ӨТІНІШ**

	Қатысушының аты-жөні	
1	Қала/аудан немесе ММИ атауы	
2	Пәні	
3	Оқыту тілі	
4	Сыныбы, тақырыбы	
5	YouTube каналына сілтемесі	
6	Электрондық мекенжайы	
7	Байланыс телефоны	